**ҚЫЗЫЛОБА АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІ**

**АКИМ КЫЗЫЛОБИНСКОГО СЕЛЬСКОГО ОКРУГА**

**ӨКІМ** **РАСПОРЯЖЕНИЕ**

10 наурыз 2026 жыл

Қызылоба ауылы

№ 15

село Кызылоба

**Мемлекеттік сатып алуды бір көзден алу тәсілімен тікелей шарт жасасу арқылы жүзеге асыру туралы**

«Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының 16-бабы 3-тармағының 28) тармақшасына сәйкес сатып алулардың жеделдігін, бәсекелестік сатып алу қорытындылары бойынша Мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудың ұзақ мерзімдерін (шамамен 17 күнтізбелік күн), сондай-ақ сапалы қызметтер (біліктілік еңбек ресурстары) алу қажеттілігін ескере отырып,

**ӨКІМ ЕТЕМІН:**

1. «Professional Community Astana Orleu» ЖШС әлеуетті өнім берушісінен жалпы сомасы 85(сексен бес) мың теңгеге «2026 жылғы өзгерістерді ескере отырып, Мемлекеттік сатып алу: өзгерістер мен толықтыруларға толық шолу. Мемлекеттік сатып алу жүйесі субъектілерінің сатып алу қызметін құқықтық реттеу және тиімді ұйымдастыру. Міндеттемелерді орындау бойынша тәуекелдерді анықтау және алдын алу жөніндегі практикалық аспектілер» тақырыбындағы семинарға/конференцияға қатысу бойынша көрсетілетін қызметтерді (бұдан әрі - қызмет) Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру.

2. Ұйымдастырушы мемлекеттік сатып алу туралы Заңнаманың талаптарына сәйкес көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу рәсімін жүзеге асырсын.

3. Бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Мемлекеттік сатып алуды бір көзден алу тәсілімен тікелей шарт жасасу арқылы жүзеге асыру туралы Қызылоба ауылдық округі әкімінің 2026 жылғы 17 ақпандағы №12 өкімінің күші жойылсын.

5. Осы өкім қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

**Қызылоба ауылдық округінің әкімі** **Т.Сериков**

000775